


Қастек Баянбай

ЕГІЗДЕР



УДК 821.512.122. - 1
ББК 84(5қаз)-5
Б 17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша жарық көрді

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:
Сұлтан Қалиұлы, Сейфолла
Оспан, Болат Үсенбаев

Қастек Баянбай
Б 17 ЕГІЗДЕР/ Қастек Баянбай
— Алматы, «Балалар әдебиеті», 2015.

ISBN 978-601-252-075-7

Халықаралық “Алаш” сыйлығының лауреаты, қазақтың көрнекті ақыны Қастек Баянбайдың “Егіздер” дастаны балаларға арналған үздік шығармалары республикалық бәйгесінде бас жүлдеге ие болған. Шығарма желісінің жеңілдігімен, айқын бояуымен, тартымды юморымен жас оқырмандарын баурап алары анық.

УДК 821.512.122. - 1
ББК 84(5қаз)-5

ISBN 78-601-252-075-7

© Қ. Баянбай., 2015
© «Балалар әдебиеті», 2015



ЕГІЗДЕР

I

Жұпар атқан қыр гүлі,
Жаздың ашық бір күні.
Шаңқай түсте кесілді.
Егіз ұлдың кіндігі.

Қос шүйкедей бастары,
Жездей сары шаштары.
Үлбіреген мамықтай,
Қызыл шақа жас тәні.

Қос жұлдыздай түндегі,
Айнымайды түрлері.
Беттерінде бұлардың
Болса кәне бір меңі.

Тарс жұмулы көздері,
Бақырауық өздері.
Көрінеді қылтиып
Шапқа біткен бездері.

Малы түгел, жаны аман
Қазақ қандай балажан.
Ұлға қамшы ұстатып,
Қызға тана қадаған.



Отағасы жаңылды
Мінезінен байырғы.
Өз көзімен көргенде
Қосақтаулы сары ұлды.

Бөркін атып төбеге,
Қуанбасқа немене!
Егіз ұлды келіні
Жылда туа бере ме!

Бәйбішесі шырайлы
Басқа қылық шығарды:
Ебелекше елпілдеп,
Бір күліп,
Бір жылайды.

Зорға жеткен сарғайып,
Бақтан басы айналып,
Көктен бала жауғандай,
Қояр емес таң қалып.



II

Бесік тойға сабылып,
Келіп жатыр әлі жұрт.
Нәрестенің інгәсін
Қалса керек сағынып.

Қыр қазағы бүгін де
Сол кеңқолтық күйінде.
Берекелі бір ауыл
Сыйып кетті бір үйге.

Жас келіншек бұрымды
Сақтап көне ырымды.
Бесіктерді аластап,
Жұртқа қарап жымиды.

Ақша бұлттай желекті,
Бәйбішелер қолы епті
Қатар тұрған бесікке
Бөледі екі бөбекті.

Билік айтар жиынға
Аксақалға қиын ба
Дарқан деген ат берді
Бесіктегі бір ұлға.

Қасындағы қария.
Көз жіберіп маңына
– Дастан болсын мынау,– деп
Етті жұртқа жария.



Ақ бесікке маталып,
Бабалардан бата алып,
Шыға келді егіздер
Дарқан, Дастан атанып.



III

Жейде киіп жағалы,
Байпақ киіп бағалы,
Жерге тие бастаған
Егіздердің табаны.

Тыным таппай тырбаңдап,
Бірде тұрып,
Бірде аунап
Жайлап жүріп көреді,
Роботтарша бұлғандап.

Ағаш атқа ерттеулі
Бойлары әлі жетпейді.
Қабаттаса жығылып,
Жерден таяқ жеп көрді.

Байқап басып адамша,
Босағаға бара алса,
Жер түбіне жеткендей,
Қуанбасын қалайша.

Сүйетін қос сарының
Жерге түскен әр ізін
Әжесі енді өтемек
Тұсау кесер парызын.



IV

“Тұсау кесер” дегені
Өзгеше бір той еді.
Жиналды көп апалар
Желпілдеген желегі.

Кең сарайдай бөлмені
Әзіл-күлкі кернеді.
Айнымайды апалар
Аққу-қаздан көлдегі.

Мал сойылып арнайы,
Қара қазан қайнайды.
Бастай берді қонақтар
Бір қызықты шаруаны.

Думан еткен осы үйді,
Ортаға алып қос ұлды,
Аяқтарын тұсады
Ала жіппен есулі.

Қайшыны алып арнаулы,
Күні бұрын қайраулы
Қиды апалар тұсауды
Қақ тобықтан байлаулы.

Күпиясы ғажайып
Қас қағымда азайып,
Түсті сусып еденге
Жарты құлаш ала жіп.
– Табандарың таймасын,
Қанаттарың талмасын!–
Десіп жатыр үлкендер,
Тиянақтап шаруасын.



V

Жасы бесте ұлдардың,
Өтті сонша туған күн.
Тарайды жұрт жыл сайын
Басын мүжіп бір малдың.

Бір борышын алдағы
Ата ұмыта алмады.
Сәл шошытты ұлдарын,
Сүндетті айтып қайдағы.

– Тиіссіндер білмекке,
Жатады бұл міндетке.
Қазақтың әр баласы
Отырады сүндетке.

Ойламаңдар мұны көп,
Қорқатындай түгі жоқ.
Ауыртады сәл ғана,
Шымшығандай бір рет.–

Атаның бұл айтқаны
Ұлдарына жақпады.
Кетті әйтеуір жиілеп
Мұрындарын тартқаны.

Қос отаның тынғанын
Байқаған ел бір қауым,
Көтермелей жөнелді,
Атасының ұлдарын.

Қарт риза қалай да
Мына жақсы заманға,
Мұсылманды көбейтті
Бүгін екі адамға.



VI

Ашық аспан айдыны,
Жарқырайды таң нұры.
Құшақтарда жүр бүгін
Даламыздың бар гүлі.

Жанды толқын айнала,
Шайқалады жай ғана.
Жиналғандай осында
Әлемдегі бар бала.

Күлімдейді күн көкте,
Қарап жанды суретке.
Кім біледі жердегі
Бала көп пе,
Гүл көп пе.

Әйгілі қарт ауылға
Қосылды кеп қауымға,
Дарқаны оң жағында,
Дастаны сол жағында.

Сексенде жас мөлшері,
Бірақ жардай еңселі.
Келіп сәлем береді,
Үлкен-кіші көрсе оны.

Білетін қос сарыны
Осы ауылдың бар ұлы.
Ертіп келген екеуін
Атасын да таныды.

Қарт ерекше көңілді,



Шырамытты топ ұлды.
Бірақ бүгін барлығы
Ересектеу көрінді.

Мұртын сылап қияқты,
Өңі жайнап шуақты,
Үнсіз тұрған ұлдарға
Жеңіл ғана сын айтты.

– Неткен жасық едіңдер,
Бері таман келіңдер.
Құттықтайын сендерді,
Қолдарыңды беріңдер.–

Қуаныштан іштегі
Күліп күрек тістері
Үйірілген ұлдарды
Беттерінен иіскеді.

Қоңыраудың сырлы үні
Жарқын шықты бұл күні.
Ішке қарай лап қойды
Қыр баласы,
Қыр гүлі.

Қапшықтары арқада,
Малталары қалтада,
Дарқан-Дастан жұптасып
Отырды бір партаға.

Арман еткен кешегі
Мектептері осы еді
Ұшыратын ұрпағын
Келешекке көшелі.



VII

Бір үйдің қос өрені
Қамсыз өсіп келеді.
Басқа ұлдар бір төбе,
Екеуі бір төбе еді.

Бүкіл ауыл таниды
Қосақтаулы сары ұлды.
Келген әбден сағынтып
Жиен дерсің кәдімгі.

Ерекше деп санайтын,
Жұрт қызыға қарайтын.
Көшіп келе жатқандай
Екі кесек сары алтын.

Дауласқанда екеуі
Жокты желеу етеді.
Жылтыраған әншейін
Жезге айналып кетеді.

Сөзге бейім астарлы
Дарқан дауды бастайды.
– Айнымайсың менен,– деп,
“Кемітеді” Дастанды.

Дастан да бой бермейді,
Оған қолын сермейді:
– Саған тартқан мен емес,
Маған тартқан сен,– дейді.

Кідірместен Дарқаны,
Өз дәлелін айтады:



– Аға ініге тартпайды,
Іні ағаға тартады.

– Сонда аға сенбісің,
Бойың бірдей,
Тең күшің!
Көре алмадым бойыңнан
Ағалықтың белгісін.

– Салғыласпа сен бекер,
Іні болсаң нең кетер.
Күнің бар ма ағасыз,
Жеңілдің ғой,
Қол көтер!

– Ортақ ыстық-суығы,
Ұқсас мінез-құлығы
Болу керек туыстар
Бірі аға,
Бірі іні.

Болмаған соң байлауы,
Бітпейді бір даулары.
Мазалайтын бұларды
Аға болу арманы.
Өзі батыл,
Сөзі өктем
Ағалыққа не жеткен.
Бұйырады бұл билік
Екеуіне кезекпен.

Аға болған сыңары
Таңертең кеш тұрады.



Қимылдауға ерініп,
Бетін зорға жуады.

Іні болған сол күні
Ұлдың жайы белгілі.
Тыным бермей ағасы,
Шаршатады сорлыны.

Бір күндік бас-аяғы
Биліктің жоқ баяны.
Бүгін тиген ағалық
Ертең бастан таяды.

Қызып кейде екеуі
Шектен шығып кетеді.
Ұмытылып біржола
Ағайынды екені.

Аталары бұл дауды
Ұзақ тыңдап тұрмайды.
Шақырады “бітімге”
Шатакқұмар ұлдарды.

– Дауыстарың жаңғырып,
Қайтесіңдер даурығып.
Өнбес дауды қумайды
Өнегесі бар жігіт.

Әркімнің бар бауыры,
Не тұр онда, тәйірі.
Сендер болып жүрсіңдер
Әрі аға,
Әрі іні.



VIII

Ұлдардың бір жаманы –
Жоқты ойлап табады.
Сыныпқа енсе егіздер,
Лезде қамап алады.

Тұрғанша құр аңырап,
Бүкіл сынып жабылып,
Қайсысы кім екенін
Алмақ қазір айырып.

– Қайсы мұның Дарқаны,
Қәнеки, кім айтады?–
Деп Дайырбек ұлдарға
Сұрақ қойып байқады.

Қос томынан Абайдың
Айнымайтын адамның
Қайсысы кім екенін
Таба қойсын қалай кім.

Тапқыштардың күндегі
Шықпаған соң үндері,
Күресетін адамша
Қайсар шықты ілгері.

– Айырмасам екеуін,
Доңыз болып кетейін!
Жұмып тұрып көзімді
Айта алам кім екенін!

– Қайтесің сол доңызды,
Бекер қорлап өзінді.



Тапсаң болды Дарқанды,
Ашып тұрып көзінді.

Бірде жеке тұрғызып,
Бірде қатар жүргізіп,
Айнымайтын екі ұлды
Тексергені бір қызық.

Тершіп тайқы мандайы,
Өзін іштей қайрады.
Егіздерді бәрі бір
Ажырата алмады.

Ортаға алып енді оны,
Ұлдар өктем сөйледі:
– Әлгінде серт бергенсің,
Енді доңыз бол!– деді.

– Білетін тек сайрауды,
Тоты құстан аумайды.
Доңыз болу қайда оған,
Қорсылдай да алмайды.

– Өзіне де обал жоқ,
Ойлаған ғой оңай деп.
Саз балшыққа аунасын,
Тым құрыса торай боп.

Буған гүлдей бір десте,
Қаздар күліп тұр шетте.
Қылықтары ұлдардың
Қояр емес күлмеске.



Ұстаз ішке кіргенде
Тынады ұлдар бір демде.
Тымырая қалады,
Сөйлемей де,
Күлмей де.

Лезде барлық баланың
Шолып қасы-қабағын,
Қалпын сақтап сыпайы,
Бастайды ұстаз сабағын.

– Бойларыңды тік ұстап,
Отырырыңдар дұрыстап.
Парақтауға кітапты
Берілмейді ұрықсат.

Бастар екен жолды кім,
Тақта алдына кел бірің.
Көрінеді сиректеу
Көтерілген қол бүгін.

Сонда егіздің сыңары
Тақта алдына шығады.
Еш сабақтан сүрініп.
Көрген емес бұл әлі.

Сары бала сайрайды
Жанары отша жайнайды.
Мүшелерін сөйлемнің
Жаңылмастан талдайды.

Ұстазға ұнап барады
Шәкіртінің жауабы.



Қайсысына қояды
Бірақ енді бағаны?

Кім екенін мынаның
Айыра алмай мұғалім,
Сабақ сайын қысылып,
Тауысқандай шыдамын.

Төмен қарап күлімдеп,
Айтты ақырын күбірлеп:
– Ажырату бұларды
Болып кетті қиын,– деп.

Қасым мына күбірге
Қабаттасып бүгін де:
– Осыларға ен салу
Керек шығар түбінде.

Бүкіл сынып ду күліп,
Алса керек бүлдіріп.
Ауырлау сөз айтқанын
Бала енді түр біліп.

– Қалжыңды қой анайы,
Енді малға салады,–
Деді ұстазы ұнатпай,
Әзілқойға жаңағы.



IX

Жуан торы мінгені,
Жалаң бешпент кигені,
Тоқтады үй сыртына
Бейтаныс қарт бір жолы.

Аяңдаған ат басын
Жайлап қана тартқасын,
Қамшысының сабымен
Тықылдатты қақпасын.

Сақ құлағы түрулі
Естіп мына дүбірді,
Отағасы ордандап
Сыртқа қарай жүгірді.

Тосын келген торы атты
Қошеметтеп қонақты,
Жан досындай сағынған
Қос иығына қол артты.

Жардай алып денесі,
Көк тірейді төбесі.
Көзі тірі дәулердің
Болса керек соңы осы.

Босағадан бері аттап
Үйге кірді қонақ қарт.



Алыс жолда ат соғып,
Қажытқандай шөл, аптап.

Екі жеңін түрініп,
Салқын сумен жуынып,
Бір тостақан қымызды
Алды бірден сіміріп.

Қонақтарды сыйлауға
Құлшынады ұлдар да.
Елгезек боп кетеді
Екі сары мұндайда.

Өздерінше тырбанып,
Жөнеледі зыр қағып.
Бірі мына қонақтың
Келеді атын суғарып.

Егіздің бір сыңары
Күтуші боп шығады.
Ас алдында қонақтың
Қолына су құяды.

Отырған қарт төрдегі
Өз көзіне сенбеді.
Түстегідей нанымсыз
Қазір оның көргені.

Бұлдырап қос жанары,
Қонақ ұзақ қарады.



Екеу бола қалыпты,
Сары бала жаңағы.

Айнымайды түрлері,
Сөйлегені, күлгені.
Бойларынан аңқиды,
Бетегелі қыр лебі.

Үнсіз ғана күлісіп,
Тілсіз ғана ұғысып,
Көбелекше көлбеңдеп,
Әрі-бері жүр ұшып.

Еріп жүрген елесі,
Сайтан ба бұл немесі?
Сұрамасқа қоймады
Қонағының ойы осы.

– Пысық еді не деген
Мына сары немерен.
Періштедей кәдімгі,
Түсе қалған төбеден.

Бірақ өзі жерде жүр,
Жай балаша бейне бір.
Екеу болып кенеттен,
Көрінеді кейде бұл.

Бұл күдікті көкейде,
Сақтамайын бекерге.



Осы сенің немерен
Біреу ме әлде екеу ме?

Алтын тісі жарқылдап,
Күліп алып қарқылдап,
Барлық жайды қонаққа,
Берді атасы айқындап:

Бірге өсіп көбеген,
Асау тайдай тебеген
Мына жүрген сарылар
Менің егіз немерем.

Садағасы кетейін,
Бірдей көрем екеуін.
Бірақ әлі білмеймін
Қайсысы кім екенін.

Көрсем бірін бұлардың,
Бұл қайсың деп сұраймын.
Қайран қалам айнытпай,
Бергеніне Құдайдың.

Сабақты үздік оқиды,
Шаба алады отынды.
Ән шырқаса қосылып,
Абдуллиндер секілді.

Түссе тағы жолыңыз,
Даяр сізге төріміз.




Аунап-қунап асықпай,
Құтты қонақ болыңыз.

Қара аюша балпандап,
Түрекелген аңқау қарт.
Берді ұлдарға батасын,
Қарап тұрған жаутандап.

– Жазылмасын жұптарың,
Асырыңдар ұлт бағын.
Ер болыңдар Баукеңдей,
Едірейіп мұрттарың!





Балалар көркем әдебиеті

**Қастек Баянбай
ЕГІЗДЕР**

Көркемдік жобаның авторы *Ш. Байкенова*
Редактор Шәкен Күмісбайұлы, Диляра Қадырбаева
Компьютерде беттеген *Я. Логинов*

ИБ № 2(174)

Теруге 27.01. 12 ж. жіберілді. Басуға 13.04.2015 ж. қол
қойылды.

Пішімі 60x90 $\frac{1}{16}$. Қағаз офсеттік. Басылымы офсеттік.

Көлемі 1.5 ш.б.т. Таралымы 2000 + 30 дана.

Тапсырыс №

«Балалар әдебиеті» баспасы,
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143, тел/факс: 8
(727) 395-51-80

ЖШС «Полиграфсервис» баспаханасында басылды.
050050, Алматы қ-сы, Зеленая к-сі, 13 «А», тел.факс: 8(727)
233-32-53